

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында
сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны
қамтамасыз ету департаменті

**«Ақтөбе облысы білім басқармасының Мұғалжар аудындық білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «№1 Қандыағаш қалалық ЖББОМ» коммуналдық
мемлекеттік мекемесін
өзін-өзі бағалауының
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№1 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
сипаттамасы
2022-2023 оқу жылы**

Бақылау түрі: өзін-өзі бағалау.

Өзін-өзі бағалауды жүргізудің негіздемелері :

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы

3 тамыздағы №348 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы

5 желтоқсандағы №486 бұйрығы Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 31 желтоқсандағы №14 бұйрығымен бекітілген нұсқаулық

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығымен бекітілген әдістемелік ұсынымдары негізінде өзін өзі аттестаттау

Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы:

<i>Утешова Бахыт Ермековна</i>	Мектеп директоры
<i>Қалжанова Гүлдана Нұрланқызы</i> <i>Мусина Бакит Рахатовна</i>	Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары;
<i>Қалиева Ләйла Қалиқызы</i>	Мектеп директорының бастауыш сыныптар бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасары;
<i>Тулегенова</i> <i>Ырзагүл</i> <i>Нағашыбайқызы</i> <i>Сағат Нұрбек Ерболұлы</i>	Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
<i>Есендикова Орынша Жамаловна</i> <i>Ербулекова Айкоркем Булатовна</i>	Мектеп директорының ғылыми әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары

Өзін-өзі бағалау барысында төмендегі бағыттар бойынша тексеріліп сарапталды, олар:

- 1) білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
 - 2) оқу және оқыту;
 - 3) білікті қызметкерлердің болуы;
 - 4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
 - 5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
 - 6) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.
- Білім беру мекеменің толық атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№1

Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

- БСН980640001864 заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу куәлігі 2021 жылдың 08 қаңтарында берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні 1998 жыл 20 маусым.
- Заңды мекен-жайы: 030700 , Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қаласы, Юрий Гагарин көшесі,8Е.
Электрондық мекен-жайы: **mektep1@mail.ru** , телефоны, факс. 8(71 333) 3-70-55
- Мектептің техникалық паспорты 2018 жылдың 17 сәуірінде жасалған.
Қабат саны-3, құрылыс ауданы - 4043,7 м.кв , ғимараттың ауқымы – 36991м.кв , жалпы алаңы -10785,2 м.кв. (көшірме қосымша ұсынылды)
- «Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі » мемлекеттік мекемесінің «№1 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде 08.01.2021 жылы тіркеліп ,Ақтөбе облысының әкімдігінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы №469 қаулысымен бекітілген. (көшірме қосымша ұсынылды)
- «№1 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басқару органы «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ;
Құрылтайшысы «Ақтөбе облысының әкімдігі»
- Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Мұғалжар ауданы Әділет басқармасының 2016 жылғы 29 ақпандағы №149 шешімі негізінде тұрақты жер пайдалану құқығын беретін актісі (2,1563 га)
Кадастр нөмері: **02:038:001.1077; 02:038:001.1077 :1**
- Мектептің білім беру қызметі ҚР « Білім туралы» Заңына , ҚР бастауыш ,негізгі және жалпы орта білім берудің нормативті құжаттарына ,ҚР БЖҒМ нұсқаулық хаттары мен бұйрықтарына , ҚР орта жалпы білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік Ережелеріне , Мектеп Жарғысына сәйкес жүзеге асырылуда.
- Жалпы негізгі білім беру қызметімен айналысуға құқық беретін мемлекеттік лицензия: 11 ақпан 2021 жылғы № KZ27LAA00023189 мерзімі шектелмеген (көшірме қосымша ұсынылды)
- Мектептің қаржы –экономикалық жағы Мұғалжар аудандық білім бөлімінде орталықтандырылған. Мекеменің ағымдағы шоты , мөрі бар.
- «№1 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін» орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Мектепшілік тәртіп ережелері « Білім туралы» Заң, Жарғы және басқа да азаматтық қатынастарды реттейтін нормативті құқықтық құжаттар негізінде құрылған.
- Мектеп директоры Утешова Бахыт Ермековна 2012 жылдың 14 желтоқсанда Мұғалжар аудандық білім бөлімінің № 205 бұйрығымен

Қандыағаш қалалық №1 орта мектебінің басшысы қызметіне тағайындалды. 2021 жылдың 05 қаңтарында «Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің №23-жқ бұйрығымен мектеп директоры қызметінде қалдырылды.

- Мектеп Мемлекеттік аттестаттаудан 2013 жылы өтті. «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Ақтөбе облысының Білім саласындағы бақылау департаменті» мемлекеттік мекемесінің 2013 жылғы 06 тамыздағы №10-2-2-523 бұйрығымен «аттестатталды»
- Мектеп Мемлекеттік аттестаттаудан 2022 жылы өтті. «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Ақтөбе облысының Білім саласындағы бақылау департаменті» мемлекеттік мекемесінің 2022 жылғы 03 маусымдағы №92 хаттамалық шешіміне сәйкес «аттестатталды»

Істер номенклатурасы: 1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 263 бұйрығымен бекітілген **«Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесі»** (Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 06 қазандағы № 271 бұйрығымен өзгерістер енгізілді)

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы: **«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы»**

3. Ақтөбе облысының білім басқармасының 2021 жылғы «18» наурыздағы №1 сараптау комиссиясының хаттамасымен келісілген **«Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, жалпы білім беретін мекемелер қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесі»** негізінде құрастырылды.

Білім мекемесінің іс қағаздары:

- 01 - Басшылық және бақылау
- 02 - Кадрлармен жұмыс
- 03 - Оқу бөлімі. Оқушылармен жұмыс
- 04 - Қосымша білім беру
- 05 - Оқу-әдістемелік бөлімі
- 06 – Оқу - тәрбие бөлімі
- 07 - Психолог кабинеті
- 08 - Медициналық кабинеті
- 09 - Кітапхана
- 10 - Шаруашылық бөлімі
- 11 - Әлеуметтік педагогтың жұмысы

Өзін-өзі бағалау кезінде номенклатуралық құжаттар талапқа сәйкес жүргізілді.

«№1 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебі»ММ 2017 жылы қолдануға берілген.Мекен жайы: Ақтөбе қаласы,Мұғалжар

ауданы, Қандыағаш қаласы, Ю.Гагарина 8 Е көшесі. Ғимарат қабырғалары силикатты кірпіштен жасалған, Типтік үлгідегі ғимарат 600 оқушыға арналып салынған. Үш қабатты. Жалпы алаң саны-10785,2, Жұмысшы ауданы - 8478,0, оқыту тілі қазақ, жұмыс реті- екі ауысымда оқытылады. Заңды тұлғаның қайта аталуына байланысты 2021 жылдың 08 қаңтарында ҚР Әділет министрлігі Ақтөбе облысының Әділет департаменті мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама берді. БСН 980640001864. Заңды тұлғаның атауы- «Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Мектептегі есік саны-73 , жарық қосқыштар саны-196, жылу беру батареялар саны-280, терезе саны-187, люминесценттік шамдар саны-1047 дана, серіппелі флакон саны-159 дана, Қуаты жоғары мектеп ауласындағы жарық шамдары (прожектор) 38 дана. Қоқыс жәшігі-4 дана, ауданы -9,0 м.кв.

Мектепте: 32 оқу кабинеттері бар, оқу кабинеттері ауданы -2171,1 м.кв, еңбек кабинеті-2, ұл балалар шеберханасының ауданы-86,5м.кв , қыз балалар - 62,8м.кв. Қызметкерлер кабинетінің ауданы -601,6 м.кв, әкімшілік кабинетінің ауданы -152,7 м.кв, психолог кабинеті -22,0 м.кв, балкон ауданы-128,6 м.кв, сервер ауданы -20,6 м.кв, бухгалтерия ауданы-24 м.кв, 24 әжетхана бар, ауданы-121,7м.кв, 46 унитаз, 19 –душовой бар, ауданы -37,4 м.кв, қол жуғыш (раквина)-108 дана. Мүгедектерге арналған әжетхана 1- қабатта орналасқан, материалдық жағынан толық жабдықталған. Мектеп қауіпсіздігін бақылайтын-38 бейнебақылау камералары орнатылған. Соның ішінде аудандық ішкі істер бөлімімен байланыстырылған бейнебақылау камералары саны-12, сыртта 10 дана бейнекамера және іште 28 бейнекамера орналасқан. Қауіпсіздік шаралары аясында мектепте 3 күзетші қызмет атқарады. Компьютер саны-415.

Технология кабинеттерінің толық материалдық базасы қамтылуда, 13 дана тігін машиналары, қол өнер бұйымдарын дайындауға арналған материалдар бар, ас дайындайтын бөлмесі материалдық жабдықталған: элек.плита, шкаф, үстел орындық, тоңазытқыш-1,1 дана компьютер, кварц-1 , қол кептіргіш-1. Ер балаларға арналған шеберханалар жұмыс жасауда. Ер балалар шеберханасында : ағаш өңдеу құрылғысы (станок токарный по дереву) -1 дана, станок настольный сверлильный - 1 дана, станок токарно-винторезный-1, станок заточный школьный-1 дана, Верстак слесарный- 4, верстак слесарный с защитным экраном-10 дана бар. Мектеп кітапханасы , асхана, киім қабылдау бөлмесі толық материалдық жабдықпен қамтылған, өз жұмыстарын жасауда. Мәжіліс залы (сыйымдылығы-200 адамдық). Толық жабдықталған, (Занавес, трибуна, үстел, LED экран). Мектептің кіре берісінде ақпараттық –навигациялық құрылғылар орнатылған. Мектептің сыртындағы баспалдақтың жанында екі пандус орнатылған, Біреуі есіктің кіре берісінде, ені-1,37 м , ұзындығы-17,54 м, Екінші пандус арнайы орталық есікте, ені-1,70м, ұзындығы-20,4 м. Мүгедектерге арналған әжетхана 1 қабатта орналасқан, материалдық жағынан толық жабдықталған. Санитарлық жағдай

кіре берісте дене қызуын өлшейтін тепловизор бар. Дене температурасын арнайы дәптерге тіркеп отырады. Әр кабинетте кварц шамдары кестеге сәйкес қосылады. Сонымен қатар редцеркулятор (очиститель воздуха) келесі ауысымға дейін қосылады.

Мектептің материалдық – техникалық базасы жақсы. Мектептің ішкі, сыртқы санитарлық жағдайы, мектеп ауласының көгалдандырылуы талапқа сай. Мектеп ғимаратының іші – сырты, сынып бөлмелері, зертханалар, компьютер сыныбы т.б. санитарлық талапқа сай сәйкес жабдықталған.

Мектеп мұғалімдері, оқушылар және техникалық қызметкерлер техника және өрт қауіпсіздік ережелерімен толық таныстырылған, өрт қауіпсіздік жөніндегі куәліктері толық бар.

1) Бастауыш сынып кластар саны -12 (мультимедия-2, шағын орталық-1, ауданы 24,7 м.кв, МАД-1, ауданы 89,22 м.кв.), ауданы-626,1 м.кв.

Барлық кабинеттер шкафтармен, үстел, орындықтармен, парталармен қамтамасыз етілген.

2) Физика кабинеті 2007 жылы ТОО «Интехцентр» ұйымы демеушілігімен жабдықталған. Физика кабинеті саны -2, ауданы-125,0 м.кв.

Мектебімізде демеушілердің көмегімен төмендегідей кабинеттер ашылды:

М.Ж.Сейткамалова атында «Өзін-өзі тану» кабинеті;

М.Ж.Тыныштыгулова және Р.О.Төлегенова атында «Физика» кабинеті;

А.Ә.Айталы атындағы «Тарих пәні» кабинеті;

А.Ш.Адаев атындағы «Биология» кабинеті;

З.Т.Сәңкібаева атындағы «Бастауыш сынып» кабинеті;

Ж.Қ.Жоланова атындағы «Бастауыш сынып» кабинеті;

А.Ш.Өтегенов атындағы «Орыс тілі» кабинеті;

Қ.Мұхамедқалиұлы «Қазақ тілі және әдебиеті» кабинеті;

А.С.Дабылова «Математика» кабинеті;

К.Ж.Ақбалина «Рухани жаңғыру» кабинеті;

А.Н.Хасенов «АӘД» кабинеті;

Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы.

Мектеп бойынша асхана 130 орынға арналған. Асхананың жалпы ауданы – 131,3 м². Бөлме саны – 17. Ас даярлайтын бөлменің ауданы – 48,5 м². Ас ішетін бөлменің ауданы – 118,5 м², ыдыс жуатын жер -30,2 м², қойма – 9,5 м².

Ас ішу залында үстелдер, орындықтар, қол жуатын раковина (ыстық сумен қамтылған), қол кептіретін құрал, сұйық сабын, қоқыс салатын жәшік орналастырылған. Асханада «Асыңыз дәмді болсын!» тақтасы екі тілде жазылып ілінген, ақпараттық стендтер ілінген. Мектеп асханасында 1 аспазшы бар. Асхана қызметкерінің білім дәрежесін растайтын құжаттары бар. Санитарлық кітапшалары талапқа сай, медициналық тексерістен уақытылы өткен. Жұмыс барысында халат, фартук, орамал, екінші аяқ киім киеді. Ас пісіру барысында қолдарына арнайы резеңке бес саусақты қолғап киеді. Ауыстырып отыруға халат, фартук, орамалдары екі данадан бар. Ас дайындау барысында, асхана ішінде санитарлық талаптарды орындайды.

Тұрмыстық техникадан келесі тіркелді:

Электр плитасы - 2 дана төрт камфоралы электр плитасы бар. Барлық плиталардың пештері жұмыс жасайды.

Тоңызытқыш (мұздатқыш камерасымен) - 1 дана

Өлшеуіш құрал (электрлі) - 1 дана

1-параграф. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттары

9. Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар:

2022-2023 оқу жылында:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 6-тармағына және 14-бабының 1-тармағына, "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен

оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) (бұдан әрі - Стандарт) талаптарына сәйкес әзірленді.

2. Бағдарламаның мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуметін ашу болып табылады.

3. Бағдарламаның міндеттері мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді беру болып табылады.

- 1) Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – ҮОЖ) талаптарына сәйкестігі;

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394
бұйрығына 2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№557 бұйрығына 2-қосымша

1) Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Орта жас тобы (3 жастан бастап)	Ересек жас тобы (4 жастан бастап)
1	Дене шынықтыру ...	Аптасына 3 рет Күн сайын	Аптасына 3 рет Күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту тілдік қатынас	Күн сайын	Күн сайын
3	Көркем әдебиет тілдік қатынас	Күн сайын	Күн сайын
4	Қазақ тілі ...	Аптасына 1 рет Күн сайын	Аптасына 1 рет Күн сайын
5	Сауат ашу негіздері	Күн сайын	Күн сайын
6	Математика негіздері Танымдық зерттеу әрекеттері	Күн сайын	Күн сайын
7	Қоршаған ортамен таныстыру Тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу	Күн сайын	Күн сайын
8	Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру Құрастыру Шығармашылық әрекет, бейнелеу	Күн сайын	Күн сайын
9	Музыка ...	Аптасына 1 рет	Аптасына 1 рет

**Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394
бұйрығына 3-қосымша**

**Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№557 бұйрығына 3-қосымша**

2) Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Мектепалды даярлық топ (5 жастан бастап)
1	Дене шынықтыру ...	Аптасына 3 рет Күн сайын (жылдық жүктеме 96-114 аралығы, 99 сағат)
2	Сөйлеуді дамыту тілдік қатынас	Аптасына 2 сағат Күн сайын

		(жылдық жүктеме 64-72 аралығы, 66 сағат)
3	Көркем әдебиет тілдік қатынас	Аптасына 2 сағат Күн сайын (жылдық жүктеме 64-72 аралығы, 66 сағат)
4	Қазақ тілі ...	Аптасына 2 рет Күн сайын (жылдық жүктеме 64-72 аралығы, 66 сағат)
5	Сауат ашу негіздері	Аптасына 3 рет (жылдық жүктеме 96-114 аралығы, 99 сағат)
6	Математика негіздері Танымдық зерттеу әрекеттері	Аптасына 3 рет Күн сайын (жылдық жүктеме 96-114 аралығы, 99 сағат)
7	Қоршаған ортамен таныстыру Тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу	Аптасына 2 сағат (64-72 аралығы, 66 сағат)
8	Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру Құрастыру Шығармашылық әрекет, бейнелеу	Аптасына 1 сағат (32-38 аралығы, 33 сағат) ...
9	Музыка ...	Аптасына 2 рет (64-72 аралығы, 66 сағат)
		Апталық жүктеме 20 сағат. (640-740 аралығы, 660 сағат қолданыс)

11. Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

1) балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;

2) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

2) білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру;

3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) сақтау;

4) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;

5) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау;

Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бастапқы бақылау нәтижелері бойынша 82 оқушыдан жиынтық есеп алынды. Нәтижесінде 1 деңгейде – 28 оқушы, 2 деңгейде – 54 оқушы, 3 деңгейде – 0. Төмен деңгейдегі балалардың үлесі 34,1%, орташа деңгейдегі балалардың үлесі - 66%, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі - 0% көрсетті.

Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің бастапқы нәтижелері:

№	МАД сыныптарының атауы	Бала саны	I деңгей	II деңгей	III деңгей
1	МАД «А»	23	3	20	0
2	МАД «Ә»	22	10	12	0
3	МАД «Б»	20	5	15	0
4	МАД «В»	17	10	7	0
	Барлығы	82	28	54	0
			Төмен деңгейдегі балалардың үлесі 34,1%	Орташа деңгейдегі балалардың үлесі 66%	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 0%

Шағын орталық бойынша «Қарлығаш», «Балбөбек» топтарының бастапқы бақылау нәтижелері бойынша 40 бала қатысты. 1 деңгейде – 20 оқушы, 2 деңгейде 20 оқушы, 3 деңгейде – 0.

Төменгі деңгейдегі балалардың үлесі - 50%, орташа деңгейдегі балалардың үлесі - 50%, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 0%.көрсеткіш көрсетті.

№	Топтың атауы	Бала саны	I деңгей	II деңгей	III деңгей
1	«Қарлығаш» тобы	19	4	15	0
2	«Балбөбек» тобы	21	16	5	0
	Барлығы	40	20	20	0
			Төмен деңгейдегі балалардың үлесі 50%	Орташа деңгейдегі балалардың үлесі 50%	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 0%

Тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижесі:

р/с	Тәрбиеші	Аты-жөні	Жетістіктері	Орын
1		Исмаилова Тұрсынғұл	(мәнерлеп оқу) «Тәуелсіздік ел тірегі» атты республикалық шығармашылық онлайн байқауы	Диплом I-орын

	Өтемұратова Лида Мырзағалиқызы	Алибекова Амина Бақтыбай Нұртөре Дәуренқызы Фируза Даниярұлы Мұхаммедияр Жанғылыш Аңсар Калиолла Алинұр Карина Аяла Қанадулла Алдияр Нұралы Ералы Нәдір Еркеназ Ұзақбаева Мариям	(«Үйшік» ертегісі) «Тәуелсіздік ел тірегі» атты республикалық шығармашылық онлайн байқауы	Диплом I-орын
2	Умбетова Гаухар Нурлыбаевна	Меңдіғұл Әділ Шабиков Жанарыс	«Жарқыра балапан» «Вокал» «Бояулар әлемі»	Диплом I-орын Диплом I-орын
3	Даримбетова Сәуле Тулкибаевна	Айтжан Самұрат Сәдірбай Бексұлтан Серікбаев Аңсар Қонақбай Айлин Сүлейменова Амина Утепберген Расул Утентаева Альбина	«Жарқыра балапан»	Диплом I-орын Диплом II-орын
4	Тажибаева Ботакөз Ерболатовна	Достанова Инайят Азаматқызы Ғалым Сырым Жанболатұлы Терекбай Кәусар Даниярқызы Амангелді Еркежан Жұмабекқызы Бекболат Әліби Ғалымбекүл	Халықаралық байқау "Табиғат және адам"	I Диплом
	Болат Гүлсезім	Терекбай Раяна Қуандықова Адия	«Жарқыра балапан» Мәнерлеп оқудан «Жарқыра балапан» Сурет салу	II Диплом II Диплом

5	Болатқызы	Серік Айтолқын	«Жарқыра балапан» Сурет салу	II Диплом
		Құдайберген Жансерік	«Жарқыра балапан» Сурет салу	I Диплом
		Мақсат Айым	«Жарқыра балапан» Мәнерлеп оқудан	I Диплом
		Қоқыбай Мирас	«Жарқыра балапан» Сурет салу	I Диплом
		Мұрат Медина	«Жарқыра балапан» Сурет салу	I Диплом

Жыл соңында Мектепалды сыныбы мен шағын орталық топтарынан қорытынды мониторинг алынды. Нәтижесінде физикалық қасиеттер бойынша жоғары деңгей 96%, орташа - 4%; коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша жоғары деңгей - 94%, орташа деңгей 6%; танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша жоғары деңгей 97%, орташа деңгей бойынша - 3%; балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекеттерін дамыту бойынша жоғары деңгей 96%, орташа деңгей 4%; әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша жоғары деңгей - 99%, орташа деңгей - 1 % көрсетті.

		Физикалық қасиеттері			Коммуникативтік			Танымдық және зияткерлік			Шығармашылық			Әлеуметтік-эмоционалды		
		жоғары	орташа	төмен	жоғары	орташа	төмен	жоғары	орташа	төмен	жоғары	орташа	төмен	жоғары	орташа	төмен
Балалардың жасы	Баласы															
Ортаңғы топ	15	15	0	0	13	2	0	17	0	0	15	0	0	15	0	0
Ересек топ	17	17	0	0	16	1	0	15	0	0	17	0	0	17	0	0
Мектепалды даярлық сыныбы	82	78	4	0	78	4	0	79	3	0	78	4	0	81	1	0
Барлығы	114	110	4	0	107	7	0	111	3	0	110	4	0	113	1	0
%	100	96	4	0	94	6	0	97	3	0	96	4	0	99	1	0

1) жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау (сәйкес жас топтары тізімдерінің көшірмелері қоса беріледі);

2022-2023 оқу жылдарында ортаңғы топ «Балбөбек» 3-4жастағы-15тәрбиеленушісі, ересек топ «Қарлығаш» 4-5 жастағы – 17 тәрбиеленушісі тәрбиеленді.

2022-2023 оқу жылында мектепалды даярлық сыныбына -82 оқушы қабылданды.

2) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асырылатын«Физикалық қасиеттерді дамыту», «Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту»,

«Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту», «Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру» дағдыларын дамыту бойынша жұмыстар жүргізіледі. Оқытудың нәтижелері көрсеткіштер ретінде баланың даму мониторингін қамтамасыз етеді және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылады.

Мектепалды даярлық сыныбында **денсаулық сақтау дағдыларын**: гигиеналық шараларды орындауды, өзіне-өзі қызмет ету және өзара көмек көрсету дағдыларын, шынықтырудың барлық әдістерін жас ерекшелігіне сай сандық және сапалық көрсеткіштерге қол жеткізе отырып, негізгі қимыл түрлерін, қимылдарды еркін меңгеріп, саналы түрде ойын ережесін сақтауды, қозғалыс әрекетінде қарапайым өзін-өзі бақылауды, ағзаны шынықтыру және дене сымбатын сақтау тәсілдерін, күн тәртібін сақтауды үйренеді.

Коммуникативтік-тілдік дағдылар: тілдесу ережелерін: сөзсіз тілдесу құралдарын, сөйлесу әдебін, сөз тіркесі мен сөйлемдерді грамматикалық дұрыс құрастыруды, сөйлеуде таныс сөздердің күрделі түрлерін қолдануды, дыбыстарды анық, дұрыс, мәнерлеп айтуды, жіктеуді, дыбыстың шартты белгілерінің көмегімен буын мен сөз құрастыруды, сөзжасам дағдыларын, заттардың белгілері мен сапа ларына сүйене отырып, сөздің мағынасын түсіндіре және қолдана алуды, берілген тақырып, сурет бойынша жалаң және жайылма сөйлемдерді қолдана отырып, байланыстырып, бірізділікпен әңгіме құрастыруды, түрлі оқиғаларды мазмұндап айтуды, ертегілерді ойдан құрастыруды, ойында сөз және өлең ұйқастарын құрастыруға, көргеніне сүйене отырып, таныс шығармалардың мәтінін мазмұндауды, дыбыстарды айтуда және дыбыстық талдауда білімін қолдануды, төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды, дыбыстарды сипаттауды үйренеді.

Танымдық дағдылар: адам өміріндегі маңызына және қолданылуына байланысты заттарды даярлау үшін пайдаланылатын материалдардың қасиеттері мен алуан түрлілігі туралы, қоршаған ортадағы объектілердің ерекше және маңызды белгілерін бөліп көрсете отырып, олар туралы түсініктерді, жапсыру және сурет салу түрінде геометриялық пішіндерден шынайы және абстракциялық объектілердің қарапайым үлгілерін жасауды, болмашы ерекше белгілері бойынша жануарлар мен өсімдіктерді ажырата білуді, табиғат бұрышындағы мекендеушілерді күтіп-баптауды, күнделікті өмірдің жаңа жағдайларында қауіпсіздікті сақтауды, түрлі белгілері бойынша объектілерді жіктеуді, сөз арқылы кеңістіктік-уақыт қатынасын, қисынды ойлауды, нәтижеге жететін эксперимент әрекетіне мақсат қоя білуді, нәтижеге жетуді, алған ақпаратқа талдау жасауды, оны саналы түрде қолдануды үйренеді.

Шығармашылық дағдылар: музыкалық аспап сүйемелдейтін әуенді, регистр дыбысын ажырата алуды, балаларға арналған музыкалық аспапта ойнау барысында, ән айтқанда, билегенде минорлы және мажорлы дыбысталуды қабылдап, жаңғырта алуды, түрлі техникалық құралдарды өз бетінше қолдануды, жұмыстарды жаңа бөліктермен толықтыруды және әсемдеуді, қарастырған заттарының бояуының қанықтылығының маңыздылығын,

өнердің басқа түрлерінің түпмәтінінде өнер туындыларына алғашқы талдау жасауды үйренеді.

Әлеуметтік дағдылар: мінез-құлықтың адамгершілік нормаларын, әдеп, табиғаттағы өзін-өзі ұстау ережелерін, ересектермен бірлескен әрекетке жұмылуды, пайдасын тигізуге және оған қанағаттануды, өзінің және басқа халықтардың әдептілік нормалары мен олардың құндылығын, түсіністік, төзімділік танытуды, әлеуметтік ортада өзара қарым-қатынас жасау біліктілігін, қоғамдық тәртіп сақтау дағидаларының коммуникативтік дағдыларын меңгереді.

2-параграф. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

12. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

1) білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – **ҮОЖ**) сәйкестігі;

2022-2023 оқу жылында білім беруді ұйымдастыруда келесі міндеттерге назар аударылды:

- ✓ білім алушылардың білімін толықтыру;
- ✓ қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету;
- ✓ білім алушыларға сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- ✓ цифрлық инфрақұрылыммен және ресурстармен жабдықтау;
- ✓ инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету.

2022-2023 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыру келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылды:

2022-2023 оқу жылында «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы);

ҚР оқу-ағарту министрінің "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы басшылыққа алынды. Осы Стандарттың негізінде жасалған және 2022 жылдың 1 қыркүйегінен қолданысқа енгізілген Үлгілік оқу жоспары қолданылды.

Сабақ кестесі, оқу жоспары көшірмелері қосымша тіркеледі.

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

2022-2023 оқу жылында 1-11 сыныптар жаңартылған білім мазмұны бойынша білім алды.

1-4 сыныптар бойынша: оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің оқу жоспары: Қазақстан Республикасының оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 1-қосымша, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 1-қосымшасы басшылыққа алынды.

«Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту 2020 жылғы 27-қарашада бекітілген №496 «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілетін болады. Яғни, биылғы оқу жылы 1-класқа 0,5 сағат енгізілді.

Апталық жүктеменің 16 сағатқа төмендетілуі негізінен вариативті бөлімнен жүзеге асқан. Жаңа Үлгілік оқу жоспары бойынша 1-4 кластарда бір сағаттан «Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтарға» берілді.

5-9 сыныптар бойынша: оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің оқу жоспары : Қазақстан Республикасының оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 6-қосымша ,Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 6-қосымшасы басшылыққа алынды.

10-11 сыныптар бойынша:оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары: Қоғамдық гуманитарлық бағыты бойынша: Қазақстан Республикасының оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 85-қосымша,Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 85-қосымшасы басшылыққа алынды.

10-11 сыныптар бойынша: оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары: Жаратылыстану математика бағыты бойынша: Қазақстан Республикасының оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 86-қосымша,Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 86-қосымшасы басшылыққа алынды.

3) білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;

(бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі); 2022-2023 оқу жылында №1 Қандыағаш қалалық ЖББОМ-нің тәрбие жұмысын ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізілді. Тәрбие жұмысының мақсаты «Білім алушылардың бойында рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге бағытталған жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұлттық рухы биік, бәсекеге қабілетті, өзін-өзі басқара білетін жеке тұлға тәрбиелеу». Тәрбие жұмысының міндеттері: 1. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін қалыптастыру; 2. Оқушылардың өзін-өзі басқаруға бағыттау; 3. Тұлғаның еңбек дағдыларын, кәсіби қалыптасуы мен экологиялық мәдениетін дамыту; 4. Тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуына қолдау көрсету, ақпараттық мәдениетін қалыптастыру; 5. Құқықтық сауаттылық негіздерін қалыптастыру арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; 6. Ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік тудыру; 7. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгерту, жолда жүру ережелері, салауатты өмір салтын насихаттау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыра отырып өмір қауіпсіздіктерін қамтамасыз ету 8. Оқушылардың жан-жақты дамуына мүмкіндік тудыру

2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысының мақсаттары мен –міндеттері білім беру процесінде тәрбие жұмысының барлық бағыттары іске асырылды. Олар: 1. Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу 2. Рухани-адамгершілік тәрбие 3. Ұлттық тәрбие 4. Отбасы тәрбиесі 5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие 6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие 7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі 8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Күтілген нәтиже: жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілік қасиеттері бар, өздігімен шешім қабылдауға даяр, мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті жауапкершілік сезімі бар, патриоттық сезімі қалыптасқан, Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын азамат болу. Жалпыадамзаттық құндылықтар: сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, мазаббат және т.б. Ұлттық құндылықтар: тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр құрайды.

1. Тәрбие жүйесінің Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу бағыты бойынша 2022 жылдың 1 қыркүйегінде 1-11 сыныптарда балалар жылына арналған "Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық" тақырыбында салтанатты жиын өтті. Жиынға аудан әкімінің орынбасары Ғ.С.Қобландин, Мұғалжар ауданы ПБ бастығы полиция подполковнигі А.Н.Кангелдин қамқоршылық кеңесінің төрағасы және мүшелері, ата-аналар комитеті және мектебіміздің ардагер ұстаздары қатысты. Оқушыларды тәрбиелік деңгейлерін бақылау жасау, «Тәуекел», «Келеңсіз» отбасыларды анықталып есепке алынды. «Зорлық-зомбылықсыз» балалық шақ апталығы, апталық аясында «Интернет» желісіндегі қауіпсіздік «Кибербуллинг» зардаптары айтылып түсіндірме

